

Қазақстан Республикасында Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде роялтидің ставкасын белгілеу тәртібін, Үстеме табысқа салық салуды есептеу үшін пайданың ішкі нормаларын анықтау тәртібін және Қазақстан Республикасында жерді пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде жазылу бонусын айқындау мен коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібін бекіту туралы <\*>

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1330. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

**ЕСКЕРТУ. Тақырыбы мен кіріспе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575**

қ а у л ы с ы м е н

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 24 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету, жер қойнауын пайдалану мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу процесін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <\*>

Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу кезінде роялтидің ставкаларын белгілеу тәртібі; үстеме табысқа салық салуды есептеу үшін пайданың ішкі нормаларын анықтау тәртібі;

Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасасу кезінде жазылу бонусын айқындау мен коммерциялық табу бонусын есептеу тәртібі бекітілсін. <\*>

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1997 жылғы 12 қыркүйектегі

N 1330 қаулысымен

бекітілген

# Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды жасау кезінде роялтидің ставкасын белгілеу тәртібі I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды (бұдан әрі - келісім-шарт) жасау кезінде роялтидің ставкаларын белгілеу мәселелерін р е т т е й д і .

2. Пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти төлеу тәртібін келісім-шарттарға салықтық сараптама жасауға уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Тәртіпке сәйкес келісім-шарттарда белгілейді.

## II. Жалпы тараған пайдалы қазбалар мен жер асты сулары бойынша роялти ставкалары

3. Коммерциялық мақсаттар үшін өндірілетін жалпы тараған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялти мынадай бекітілген ставкалар б о й ы н ш а б е л г і л е н е д і :

рет N	Пайдалы қазбаның атауы	Роялти ставкасы,%
1	2	3
		1. Металлургияға арналған руда емес ш и к і з а т   1
		2. Қалыптың құмдар, саз-топырақты жыныстар (дала шпаты, пегматит), әктастар,   доломиттер, әктасты-доломит жыныстары   1
		3.  Тамақ өнеркәсібіне арналған әктастар   1
		4. Өзге де руда емес шикізаттар   3,5
		5. Отқа төзімді саздар, каолин, вермикулит   3,5
		6.   А с т ұ з ы   3,5

7. Жергілікті құрылыс материалдары	4,5
8. Жанартаулық кеуек жыныстар, жанартаулық құрамында суы бар әйнектер мен әйнек тәрізді жыныстар (перлит, обсидиан), малтатас пен шағылдар, шағылқұм қоспасы, гипс, гипс тас, ангидрит, гажа, саз және сазды жыныстар (жәй балқитын және тез балқитын саздар, суглинкалар, аргиллиттер, алевролиттер, сазды сланецтер), бор, мергель, мергель-бор жыныстары, кремнийлі жыныстар (трепед, опоктар, диатомит), кварц-дала шпатты жыныстар, бут тасы, тұнба, атқылау және метомарфологиялық жыныстары (гранит, базальт, диабаз, мәрмәр), құм (құрылыстық, кварцтық, кварц-дала- шпаттық), қалыпталмайтыннан басқа қиыршық, табиғи пигменттер, ұлутастар	4,5
9. Жерасты сулары	10

4. Жалпы тараған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша роялтилер барлық жер қойнауын пайдаланушылар, оның ішінде пайдалы қазбалардың басқа да түрлерін өндіруге арналған келісім-шарттар жөніндегі қызметті жүзеге асыратындар үшін белгіленеді.

### **III. Пайдалы қазбалардың қалған түрлері бойынша роялти ставкаларын белгілеудің тәртібі**

5. Осы Тәртіптің II бөлімінде аталғандарды қоспағанда пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша роялти ставкалары жобаның тәуекелдік көрсеткіштеріне, кен орнын іздеу мен әзірлеудің күрделілігіне қарай, келісім-шарт бойынша техника-экономикалық есептер жөніндегі кірістің ішкі есептік нормасы 12-ден 20 процентке дейінгі аралықта болатын мөлшерде белгіленеді.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жекелеген келісім-шарттар бойынша кірістің ішкі есептік нормасының неғұрлым жоғары деңгейі

қ а б ы л д а н у ы

м ү м к і н .

7. Жер қойнауын пайдаланушының келісімімен кірістің ішкі есептік нормасының неғұрлым төмен деңгейі белгіленуі мүмкін.

8. Кірістің ішкі есептік нормасы техника-экономикалық есептердің лицензияларында айқындалған жылдарға бөлініп, келісім-шарт қолданылатын кезеңге тұтас жасалады, ол мынадай қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді қ а м т и д ы :

белгіленген, күтілетін және/немесе шығарылатын запастардың көлеміне, кен орны болашағының бағалауына және пайдалы қазбалардың сапалық сипаттамасына орай өнімнің көлемі (пайдалы қазбалардың түрлері бойынша);

өндірістің көлемі (өнімнің түрлері бойынша);

сату бағасы (өнімнің түрлері бойынша);

жиынтық табыс (өнімнің түрлері бойынша және жалпы);

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың техникалық жағдайларына, жабдықтардың жалпы сипаттамасына және қосымша және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуына қарай күрделі шығындар, топтар бойынша салық заңдарында белгіленген амортизациялық аударымдарының т ә р т і б і н к ө р с е т е о т ы р ы п ;

пайдалану шығыстары (негізгі баптарды егжей-тегжейлі баяндай отырып, өндіру және өңдеу кезеңдері бойынша);

еңбекке ақы төлеу қоры (қызметкерлер санын көрсете отырып);

еңбекке ақы төлеу қорының аударымдары;

б а с қ а д а ш ы ғ ы н д а р ;

салық салынатын базаны көрсете отырып, төленетін салықтар мен төлемдер;

кәсіпорынның билігінде қалатын таза пайда;

жиынтық және таза пайданы бөлудің құрылымы;

жобаның қайтарымдылық мерзімі;

жоба бойынша жинақталатын кірістің ішкі нормасы;

т ә у е к е л д і б а ғ а л а у ;

бюджеттік тиімділіктің бағасы.

#### **IV. Пайдалы қазбалардың түрлері бойынша роялти салу объектісінің құнын айқындау тәртібі**

9. Пайдалы қазбалардың түрлері бойынша роялти салынатын объектілердің құны өндірілген пайдалы қазбалардан алынған алғашқы тауарлы өнімнің есепті кезеңі үшін орташа сату бағасына қарай айқындалады.

10. Мыналар алғашқы тауарлы өнім болуы мүмкін:

1) пайдалы қазбалардың өзі:

мұнай, табиғи газ және газ конденсаты;  
көмір және ыстық сланецтер;  
тауарлы рудалар;  
жерасты сулары, оның ішінде бірінші өңдеуден өткені;  
слюда, асбест, құрылыс материалдарын өндіруге арналған шикізаттар;  
металлургияға арналған руда емес шикізаттар;  
басқа да пайдалы қазбалар, оның ішінде бастапқы өңдеуден өткендері;  
2) қымбат металдар - құмдағы, рудадағы, концентраттағы немесе металдағы  
химиялық таза металл;  
3) қара, түсті, сирек және радиоактивті металдардың, кен-химия  
шикізаттарының концентраттары;  
4) асыл тастар, жарқырауық тастар мен пьезооптикалық шикізаттар -  
кондициялық өнімнің шығуына қарай;  
5) басқа да пайдалы қазбалар бойынша - бастапқы өңдеуден өткен  
минералдық шикізат.

11. Алтын, күміс және платина бойынша алғашқы тауарлы өнімнің есепті кезеңі үшін орташа сату бағасы Лондондағы металдар биржасында осы металдарды сатудың есепті кезеңде қалыптасқан орташа бағасының негізінде айқындалады.

12. Көмірсутегілер бойынша пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) есепті кезең үшін орташа сату бағасы сату орнына дейінгі тасымалдауға арналған іс жүзіндегі шығыстардың сомасына азайтылған жанама салықтарды есептемегендер есепті кезең үшін көмірсутегілерді сатудың іс жүзіндегі қалыптасқан орташа бағасының негізінде айқындалады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен.**

13. Осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) есепті кезең үшін орташа сату бағасымен сатылмаған жағдайда, роялти салу объектісін есептеу үшін ұқсас өнімді соңғы сатқан есепті кезеңдегі пайдалы қазбалардың (алғашқы тауар өнімінің) орташа сату құны қабылданады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен.**

13-1. Осы Тәртіптің 11-тармағында көрсетілгендерді қоспағанда, пайдалы қазбалар (алғашқы тауар өнімі) сатылмаған жағдайда, есепті кезең үшін роялти салу объектісін есептеу үшін орташа сату бағасына пайдалы қазбаларды өндіруге іс жүзінде қалыптасқан шығындар қабылданады.

Бұл ретте, жер қойнауын пайдаланушы пайдалы қазбаларды (алғашқы тауар өнімін) іс жүзіндегі сату бағасын ескере отырып, роялтиге кейіннен түзету

жүргізуге

міндетті.

< \* >

**ЕСКЕРТУ. Жана 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.20.**

**№**

**1575**

**қаулысымен.**

14. Қалған пайдалы қазбалар бойынша алғашқы тауар өнімінің есепті кезеңі үшін орташа сату бағасы алғашқы тауар өнімінің есепті кезеңі үшін нақты қалыптасқан орташа сату бағасының негізінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 12 қыркүйектегі

№ 1330 қаулысымен

бекітілген

### **Үстеме пайдаға салық есептеу үшін пайданың ішкі нормаларын анықтау тәртібі**

1. Пайданың ішкі нормалары жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағынының инфляция индексімен түзетілген негізде, Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі белгілеген тәртіпте есептеледі.

2. Жер қойнауын пайдаланушының жылдық ақша ағыны жер қойнауын пайдаланушының алған жылдық жалпы жиынтық табысы мен жер қойнауын пайдаланушы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың күші шеңберінде алған және шығарған шығысы арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

3. Жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалануға жасасқан келісім-шартының шеңберіндегі қызметтен алған жылдық жалпы жиынтық табысының сомасы Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес айқындалады.

4. Жер қойнауын пайдаланушының есепті жылдағы келісім-шарт қызметінің шеңберіндегі жұмсаған шығындарына шығыстардың мынадай нақты түрлері жатады:

күрделі шығындар - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру барысында капиталдандырылатын және салық заңдарына сәйкес амортизацияланған шығындар (ашық кен орындары бар аумақтар бойынша жасалған келісім-шарттар бойынша, алғашқы жылдың күрделі шығындарына келісім-шарт жасалған күнгі негізгі қорлардың қалдық құны жатады);

заем қаражаттары бойынша күрделі шығындар мен сыйақылар (мүдделер) бойынша есептелген амортизация сомасын қоспағанда, салық заңдарына сәйкес шегерімдерге жатқызылатын шығындар;

жер қойнауын пайдаланушының табыс салығы мен есепті жылға есептелген

дивидендтерге салынған салық сомалары, сондай-ақ салық заңдарына сәйкес есептелген, есепті жылға тиесілі, бір жылға қосым есептелген үстеме пайдаға салынатын салық сомасы.

5. Жылдық ақша ағынын инфляция индексіне түзету жер қойнауын пайдалану келісім-шарт күшіне енгеннен кейін екінші жылдан бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тағайындаған тәртіпте жүргізіледі.

Тиісті жылға арналған инфляция индексын уәкілетті мемлекеттік орган айқындайды. < \* >

**ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен.**

6. Осы Ережеде тағайындалған пайданың ішкі нормаларын айқындау жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт бойынша үстеме пайдаға салық есептеу кезінде, сондай-ақ инфляция индексіне ақша ағынын түзетулерді есептемей жасалған келісім-шарт жобаларының техникалық-экономикалық есептеріне арналған пайданың ішкі нормаларын есептеу кезінде қолданылады.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1997 жылғы 12 қыркүйектегі

N 1330 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарын жасасу кезінде жазылу бонусын айқындаудың және коммерциялық табу бонусын есептеудің тәртібі <\*>**

**ЕСКЕРТУ. Тәртіб өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.10.20. N 1575 қаулысымен.**

1. Жазылу бонусы мен коммерциялық табу бонусы жер қойнауын пайдаланушылардың белгіленген төлемі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес келісім-шарт жобасының экономикасына сүйене отырып жер қойнауын пайдалану шартында белгіленеді және ақшалай түрде төленеді. < \* >

1-1. Жазылу бонусының бастапқы мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Құзыретті орган айқындайды, не тендер өткізудің шарттары бойынша айқындалады. < \* >

2. Коммерциялық табу бонусы жер қойнауын пайдалануды іске асырудың жеке жағдайларына сүйене отырып, тиісті коммерциялық табу бойынша бекітілген (болжанылатын) алынатын қорлардың құнының кемінде 0,05 проценті мөлшерінде есептеледі және жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық табу үшін төлейді.

3. < \* >

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК